

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 205 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 05 наурызда № 4610 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 372 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 29.01.2016 № 372 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында келесі орын анықталсын:

Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті Бұқарбай батыр көшесі бойындағы орталық саябақ.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс XXVI сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Р. Есенов
Б. Маншарипов*